



«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2019-2023 жылдарға арналған даму жоспары


Қысқаша сипаттама

Қысқаша сипаттама

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2019 - 2023 жылдарға арналған даму жоспары (бұдан әрі – «Даму жоспары») стратегиялық құжат болып табылады. Оның мақсаты – Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен Директорлар кеңесі және Қорды басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 қазандағы №656 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») 2018 – 2028 жылдарға арналған даму стратегиясын орындау үшін орта мерзімді перспективада іске асырылуы қажет іс-қимылдарды анықтау. Даму жоспары ашық болып табылатын және Қор мен Жалғыз акционерге пайда әкелетін нақты өлшенетін іс-қимылдарды іске асыру арқылы Даму стратегиясының орындалуын қамтамасыз етеді.

Жаңа Даму стратегиясының шеңберінде Қор өзі үшін (а) компаниялардың тиімділігі, (б) портфельді басқару және (с) орнықты даму сияқты үш стратегиялық мақсатты және компаниялардың рентабельділігін арттыру; портфельдің құрылымын оңтайландыру; кірістерді әртараптандыру; корпоративтік басқару және орнықты даму сияқты даму саласындағы төрт негізгі бастаманы белгіледі.

Қордың стратегиялық пайымымен және мақсаттарымен байланысты дамыту бойынша төрт негізгі бастамасы



Қысқа мерзімді перспективада Қор портфельдік компаниялардың операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметінің тиімділігін арттыруға баса назар аударады. Сонымен, ірі компаниялардың қаржылық орнықтылығы, дамушы компанияларға ерекше назар аудара отырып, Қор компанияларының барлық тобы бойынша инвестициялық жобалардың тізбесін қайта қарау, стратегиялық әріптестерді тарту, компаниялардың операциялық тиімділігін жақсартып салалардың үздік компанияларының деңгейіне дейін жеткізу, стратегиялық емес активтердегі үлесінен шығу, Трансформациялау бағдарламасының тәсілдерін қайта қарау Қор үшін қысқа мерзімді перспективада басымды салалар болады.

Орта мерзімді перспективада (2022 жылға дейін) Қор стратегиялық емес активтердің үлестерін өткізуден түскен қаражатты қайта инвестициялауға және инвестициялардың тиімді және әртараптандырылған портфельін құруға шоғырланады.

Ағымдағы жылы Қордың қоржын компаниялары Қордың стратегиялық міндеттеріне, сондай-ақ 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, Цифрлық Қазақстан сияқты және басқа да елдің стратегиялық құжаттарына сәйкес келтіру үшін 2018-2028 жылдарға арналған өз стратегияларын өзектендірді.

Қордың 2019-2023 жылдарға арналған даму жоспары жасалды және портфельдік компаниялардың Директорлар кеңестері 2018 жылы бекіткен олардың қаржылық көрсеткіштеріне негізделген. Кейінгі 5 жылдың стратегиялық ҚТК оң динамикасы және айтарлықтай жақсаруды көрсетеді.

Қызметтің түйінді көрсеткіштеріне шолу және маңызды сәттер




Үйлестірілген жұмыстың, нәтижеге қол жеткізу көзделгендігіне және кемелдікке тұрақты ұмтылудың арқасында 2018 жылғы қарашаның басында:

- Қордың бағалауына сәйкес өткен жылмен салыстырғанда шоғырландырылған пайда 2018 жылы 220 млрд. теңгеге ұлғаяды және 821 млрд. теңгені құрайды. Бұл ретте Қор тобының шоғырландырылған активтері 2018 жылдың соңында 1.6 трлн. теңгеге ұлғаяды және 25.7 трлн. теңгені құрайды.

- Қор көптеген жыл бойы қаржы секторын және жалпы ұлттық экономиканы тұрақтандыру функциясын орындады. Қазақстан экономикасына Қордың қосқан үлесі айтарлықтай маңызды болып қала береді. Қор 2018 бағалауға сәйкес мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігін салықтар мен басқа да төлемдер түрінде 997 млрд. теңгеге ұлғайтады. Акционерге дивидендтер мен басқа да таратулар шамамен 74 млрд. теңгені құрайды;

Қазақстан экономикасына 2017-2018 жылдар аралығындағы Қордың үлесі



Ескертпе: *резидент емесстердің салықтары, оның құрамынан KMG International төленген салықтары шығарылған.

▪ Қор Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын табысты іске асыруды жалғастыруда. Ол 82 активті өткізуден 159,04 млрд. теңге түсім алуға мүмкіндік берді. Бұл ретте 60 актив таратуға/қайта құруға бағытталды;

▪ Қор 2018 жылы дамушы компанияларға 16,8 млрд. теңге инвестиция салды, ал 2019-2023 жж. аралығындағы кезеңде 67 млрд. теңге мөлшеріндегі инвестициялар көлемі жоспарлануда. Шалқия және Алайғыр ірі тау-кен өндіруші жобалар бойынша құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Осы Даму жоспарында Қордың стратегиялық мақсаттары, табыс параметрлері, сондай-ақ жалғыз акционердің тұрақты дамуына және кірістілігінің өсуіне бағыт беретін іске асыру жоспары көрсетілген.